

Солтүстік Қазақстан облысының 2024 – 2025 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда № 7638-15 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 20-5) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысының 2024 – 2025 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г. Нурмухамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі

2023 жылғы 29 қарашадағы
№ 229 қаулыға қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының 2024 – 2025 жылдарға арналған спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Спорт түрлерінің атауы						
Топтар атауы	№	Олимпиадалық емес спорт түрінің атауы	Жазғы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Қысқы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Паралимпиадалық спорт түрінің атауы	Ұлттық спорт түрінің атауы

"А" тобы

1	Спорттық бағдарлау	Жеңіл атлетика	Коньки тебу спорты	Пара жүзу	Асық ату
2	Гір спорты	Грек-рим күресі	Керлинг	Пара жеңіл атлетика	Жекпе-жек
3	Муайтай	Велосипед спорты	Биатлон	П а р а пауэрлифтинг	Қазақ күресі
4	Кекушинкай каратэ	Бокс	Шорт-трек	Пара үстел теннисі	
5	Президенттік көпсайыс (полиатлон)	Еркін күрес		Пара шаңғы жарысы	
6	Таэквондо ИТФ (I.T.F.)	Батуттық гимнастика			
7	Кикбоксинг	А у ы р атлетика			
8	Би спорты	Жүзу			
9	Қол күресі	Баскетбол			
10	Белбеу күрес	Классикалық волейбол			
11	Спорттық акробатика				
12	Шахмат				
13	Жеңіл атлетика (сурдо)				
14	Арбадағы би (паралимпиадалық емес)				
15	Арбамен жарыс (паралимпиадалық емес)				
16	Қол күресі (паралимпиадалық емес)				
17	Биатлон (паралимпиадалық емес)				
18	Дойбы (паралимпиадалық емес)				
19	Ж а т ы п сығымдау (паралимпиадалық емес)				
20	Шахмат (паралимпиадалық емес)				

"B" тобы	1	Өрт сөндіру және өрттен құтқару спорты	Футбол	Шаңғы жарысы		Бәйге
	2	Пауэрлифтинг	Үстел теннисі	Шайбалы хоккей		Аударыспақ
	3	Допты хоккей	Дзюдо			Тоғызқұмалақ
	4	Шинкиокушинкай каратэ	Көркем гимнастика			Көкпар
	5	Бильярд	Әйелдер күресі			
	6	Шағын футбол	Семсерлесу			
	7	Қоян-қолтық ұрыс				
	8	Самбо				
	9	Панкратион				
	10	Шағын футбол (сурдо)				
"C" тобы	1	Мұзға өрмелеу	Көгалдағы хоккей	Тау шаңғысы спорты		Жамбы ату
	2	Мейбукан Годзю-рю карате-до	Спорттық гимнастика			Теңге ілу
	3	Каратэ (WKF)	Теннис			Құсбегілік
	4	Спорттық туризм	Триатлон			
	5	Джиу-джитсу				
	6	Футзал				
	7	Кудо				
	8	Зендокай Будо каратэ-до				
	9	Ушу				
	10	Кунг-фу				
	11	Футбол (сурдо)				

Ескертпе: аббревиатуралардың түсіндірмесі:

ИТФ (I.T.F.) – International taekwondo federation (Халықаралық таеквондо федерациясы)

Сурдо – Сурдолимпиадалық спорт түрлері

WKF – World karate federation (Дүниежүзілік каратэ федерациясы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК